Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

16 ақпан 2024 жыл іс №1912-24-00-2/157 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.Ж.Омарбеков, оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Балқаш ауданы әкімінің аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
ЖК «Көркем», жеке кәсіпкер Тауарбекова Оксана Елкелдиевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117, 223-226-баптарының талаптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Балқаш ауданы әкімінің аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыннан ЖК «Көркем», жеке кәсіпкер Тауарбекова Оксана Елкелдиевнаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

ЖК «Көркем», жеке кәсіпкер Тауарбекова Оксана Елкелдиевна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ЖК «Көркем», жеке кәсіпкер Тауарбекова Оксана Елкелдиевнадан мемлекет кірісіне 1 846 (мың сегіз жүз қырық алты) теңге сот шығындары өндірілсін.

Шешімге – осы шешімінің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды канағаттандырудан бас

тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Н.Ж.Омарбеков**

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 20.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.03.2024, судья Омарбеков Н. Д., 27.04.2024